

## ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙ ШЕКАРАСЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Әбдірахманов Қ.А.<sup>1</sup>, \*Мұқашева А.Д.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>«Астана» халықаралық ғылыми кешенінің директоры,  
Астана, Қазақстан, e-mail: abdrakhmanov@isca.kz

<sup>2</sup>«Астана» халықаралық ғылыми кешенінің қызметкері,  
Астана, Қазақстан, e-mail: mukasheva.ad@gmail.com

**Аңдатпа.** Мақалада Қазақстан мен Ресей арасындағы өңіраралық шекаралық байланысының экономикалық жағы зерттелген. КСРО-ның ыдырауы және 1990 жылдардағы трансформациялық процестер Қазақстан мен Ресей арасындағы өндірістік байланыстардың үзілуіне, өндірістен білікті кадрлардың кетуіне және соның салдарынан екі мемлекеттің шекаралас аймақтарының барлық өңірлері экономикасының өндірістік құрылымдарының азаюына әкелді. Біртұтас шаруашылық механизмінің ыдырауына қарамастан, өнеркәсіптік-өндірістік қатынастар Қазақстан-Ресей шекарасының трансшекаралық өзара әрекеттесуінің негізгі құрамдас бөліктерінің бірі болып қала береді.

Мақалада Қазақстанмен Ресейдің экономикалық ынтымақтастығының статистикалық мәліметтері талданған, ресми құжаттар мен материалдар, сонымен қатар баспа және электронды БАҚ-тағы жарияланымдар пайдаланған. Бірнеше саладағы бағыттар жеке қарастырылып, шекаралас аймақтағы посткеңестік экономикалық ынтымақтастық экономикалық дамудың кеңестік моделінің дәстүрін жалғастыруда екені анықталады. Бұның бас себебі институттардың жетіспеушілігінде. ЕАЭО жетістіктеріне қарамастан, шекаралық кедергілер қала береді, ал ынтымақтастық институттары осы уақытқа дейін шекара маңындағы өмірге аз әсер етті.

**Тірек сөздер:** Қазақстан, Ресей, посткеңестік экономикалық ынтымақтастық, шекаралық ынтымақтастық, өңіраралық байланыс, өндірістік байланыстар, экономикалық дамудың моделі, ЕАЭО

### Негізгі ережелер

Қазақстан мен Ресей арасындағы экономикалық ынтымақтастықтың маңызды бағыты өңіраралық байланысты дамыту болып табылады. Қазақстан мен Ресей арасындағы мемлекеттік шекара 7,5 мың шақырым қашықтықты құрып, әлемдегі ең ұзын үздіксіз құрлық шекара болып табылады. Оның бойында Қазақстанның 7 және Ресейдің 12 облысы бар.

КСРО-ның ыдырауы және 1990 жылдардағы трансформациялық процестер Қазақстан мен Ресей арасындағы өндірістік байланыстардың үзілуіне, өндірістен білікті кадрлардың кетуіне және соның салдарынан екі мемлекеттің шекаралас аймақтарының барлық өңірлері экономикасының өндірістік құрылымдарының азаюына әкелді. Қазақстан тарапынан бұл үдеріс айқынырақ байқалды.

Дегенмен, индустриясыздандыру және алдыңғы қатарлы салалардың құлдырауы өнеркәсіптің негізгі салаларының, әсіресе энергетикалық сектордың қарқынды дамуымен жалғасты. Біртұтас шаруашылық

механизмінің ыдырауына қарамастан, өнеркәсіптік-өндірістік қатынастар Қазақстан-Ресей шекарасының трансшекаралық өзара әрекеттесуінің негізгі құрамдас бөліктерінің бірі болып қала береді. Жаңадан құрылған орасан зор қазақ-ресей шекаралас аумағы бірқатар әлеуметтік-экономикалық артықшылықтарды пайдалану мүмкіндігін ашты.

### **Кіріспе**

Қазіргі саясаттану ғылымында шекаралық ынтымақтастық мәселесі басымдырақ зерттеле басталды. Дегенмен мәселені зерттеу үрдісінің бастапқы кезеңі ғана өтті десек те болады. Осы уақытқа дейін шекаралық ынтымақтастық ұйымдық нысандарының, әдістері мен тиімділігін қамтамасыз ету критерийлерінің жалпы қабылданған жіктелуі жоқ. Трансшекаралық ынтымақтастықтың оған тартылған субъектілер үшін оң және теріс аспектілерін бағалауда сарапшылар әртүрлі пікірлер білдіруде [1].

Жаһандық және жергілікті ауқымдағы аймақтардың әлеуметтік-экономикалық өзара іс-қимылының ауқымды мәселелерін А.Гранберг, А.Макарычев, В.Рыбалкин, А.Либман, Б.Кейфец, Ю.Щербанин, Е.Анимица, С.Николаев, т.б. зерттеді. XX–XXI ғасырлар тоғысындағы қазақстан-ресей шекаралық ынтымақтастығы туралы А.Мендіғалиева, И.Коцюбинский, А.Андреев, Л.Божко, А.Кныш, А. Рыбак пен А.Огнева секілді бірқатар саясаттанушы, тарихшы, экономистермен жан-жақты талданған. Олардың еңбектері негізінен Еуразиялық шекаралық аймақ құбылысына мен болашақтағы даму траекториясын зерттеуге арналған.

Мақала Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы шекаралық ынтымақтастықты, оның жай-күйін, даму тенденцияларын және болашағын анықтауға бағытталған.

### **Материалдар мен әдістерді сипаттау**

Қазақстан-Ресей шекаралық ынтымақтастығының қалыптасқан тәжірибесін зерделеу кезінде сандық және сапалық әдістер қолданылып, Қазақстан мен Ресейдің экономикалық ынтымақтастығы туралы ресми статистикалық мәліметтер талданған. Үрдіс барысында келесі құжаттар зерттелген:

- Қазақстан мен Ресей мемлекеттік органдарының және шекаралық ынтымақтастық жөніндегі бірлескен құрылымдардың ресми құжаттары мен материалдары: келісім-шарттар, келісімдер, есептер (комиссия отырыстарының, Іскерлік кеңес отырыстарының, Қазақстан-Ресей форумдарының жұмысы туралы есептер), Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы өңірлерінің трансшекаралық ынтымақтастық бағдарламалары;

- Екі ел мемлекет пен үкімет басшыларының, депутаттарының, өкілді органдар, министрліктер мен ведомстволар басшыларының, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы өңіраралық және шекаралық ынтымақтастық мәселелері жөніндегі арнайы комиссиялардың төрағалары мен мүшелерінің сөздері;

- Қазақстандық-ресейлік мемлекетаралық ынтымақтастығы мәселелеріне және ең алдымен оның шекаралық құрамдас бөлігіне қатысты баспа және электронды БАҚ-тағы жарияланымдар.

### **Нәтижелері**

Кеңес жылдарында Қазақстан-Ресей шекарасы біртұтас ұлттық-экономикалық кешен аясында дамыды. 1989 ж. Одақ республикаларында (РКФСР – ден басқа) өндірілетін өнімнің республикааралық тауар айналымының үлесі экспорт бойынша 84-тен 98%-ға дейін, импорт бойынша 73-85% аралығында өзгеріп тұрды [2].

2019 ж. жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ) көрсеткіштерімен өлшенетін Қазақстан-Ресей шекарасының экономикалық әлеуеті (сатып алу қабілетінің паритеті бойынша, СҚП) 630 млрд. АҚШ долл. асты. Бұл көрсеткішті Бельгия немесе Швейцария сияқты Еуропа елдерінің жалпы ішкі өнімімен (ЖІӨ) салыстыруға болады және Қазақстанның ЖІӨ-нен 20% жоғары. Бұл ретте экономикалық әлеуеттің шамамен 70% Ресей өңірлеріне және 30% жуығы Қазақстанға тиесілі. Қазақстан мен Ресейдің шекара маңы аумақтары екі мемлекеттің экономикасы үшін өте маңызды. Алайда, егер қазақстандық бөлікте елдің ЖӨӨ 37% қалыптасатын болса, Ресей экономикасындағы РФ үлес көрсеткіші (Тюмень облысының автономды округтерін қоспағанда) әлдеқайда қарапайым – 12 % құрайды [3].

Отын-энергетика секторындағы байланыстар Қазақстан мен Ресейдің шекаралас аймақтарындағы заманауи трансшекаралық экономикалық ынтымақтастықтың негізгі бағыттарының бірі. Олар ең жоғарғы тұрақтылық және инвестициялық тартымдылыққа ие. Орынбор газ өңдеу зауытында (ОГӨЗ) Қарашығанақ кен орнынан алынатын газды өңдеу соның жарқын мысалы бола алады. Қазақстан билігі Қарашығанақ кен орнында жеке газ өңдеу зауытын салу мәселесін бірнеше рет көтерді, бірақ бұл жобадан экономикалық себептерге байланысты бас тарту туралы шешім қабылданды, себебі Орынбор газ өңдеу зауытында өндірісті жаңғырту біраз арзанырақ. 2002 ж. «ҚазРосГаз» бірлескен кәсіпорынын (БК) құру туралы келісімге қол қойылды, бірақ аталмыш кәсіпорын жұмысын тек 2007 ж. бастады [4].

Бірлескен кәсіпорын Қарашығанақ кен орнының шикі газын сатып алады және оны жылына шамамен 15 млрд. м3 көлемінде ОГӨЗ қуаттарында өңдейді. Бұл ретте құрғақ газ қажетті көлемде Қазақстанның ішкі нарығына жіберіледі, ал қалған бөлігі экспорттық келісімшарттар бойынша өткізіледі. 2014-2015 жылдары ОГӨЗ-де Қазақстан мен Ресейдің химия өнеркәсібінде сұранысқа ие түйіршіктелген күкірт өндірісі іске қосылды. Қазақстандық газды ОГӨЗ-ге жеткізуді қамтамасыз ету экономикалық тұрғыдан өзара тиімділігін көрсетті. Мұндай кооперация газ бағасына әртүрлі көзқарастарға қарамастан, тараптардың ымыраға келуге және өзара әрекеттесуді кеңейтуге дайын екендігінің мысалы болып табылады.

Қазақстан мен Ресейдің осы саладағы трансшекаралық экономикалық ынтымақтастығының тағы бір мысалы ретінде Атырау және Астрахань облыстарының шекарасында орналасқан Имашев кен орнын бірлесіп игеру

жобасын айтсақ болды. Кен орнын бірлесіп барлау туралы келісімге 2010 жылы қол қойылды [5], ал оператор болып «ҚазРосГаз» кәсіпорыны таңдалды. Жалпы, екі елдің газ саласындағы ынтымақтастығы тек қана паритетті негізде құрылған кәсіпорындардың қызметімен шектелмейді. Мысалы, Шығыс Қазақстанның шекара маңындағы аумақтарын ресейлік табиғи газбен газдандыру жобасы жүзеге асырылды. Павлодарға тармақталатын Барнаул (РФ) – Рубцовск (РФ) – Семей (ҚР) – Өскемен (ҚР) газ құбырын салу жоспарланып отыр [6]. Оны іске асыру өнеркәсіптік Шығыс Қазақстан облысын газдандырумен қатар Алтай өлкесінің оңтүстігіндегі өндірістерді, әсіресе Қазақстанмен белсенді өзара іс-қимыл жасайтын кәсіпорындарды дамытуға мүмкіндік бермек.

Мұнай өнеркәсібіндегі Қазақстан-Ресей ынтымақтастығы көпсалалы және екі елдің экономикасындағы бұл саланың маңыздылығымен анықталады. Шартты түрде бірлескен жобалардың екі негізгі түрін бөліп көрсетуге болады – мұнайды өңдеу және оны тасымалдау. Бірінші жағдайда біз Батыс Сібір мұнай сорттарына арналған Омбы-Павлодар мұнай құбыры арқылы Ресей мұнайын Павлодар мұнай-химия зауытына жеткізу. КСРО-ның ыдырауы және шикізатты жеткізудегі байланысты үзілістер өндірістің бірнеше рет тоқтауына әкелді, бірақ 2000-шы жылдардың екінші жартысында ауыстыру схемасы бойынша Ресейден мұнайдың үздіксіз жеткізілуіне келісу мүмкін болды. Бұл тәсіл Ресей мұнайының орнына Қазақстан Ресейге өз құбырларындағы (оның ішінде Атасу – Алашанькоу Қытайға экспорттық мұнай құбыры) баламалы көлемдерге құқық береді деп болжайды. Осылайша, мемлекетаралық уағдаластықтар шекара маңындағы проблемаларды шешуде қолайлы және өзара тиімді тәсілді қамтамасыз етті [7].

Мұнай тасымалдау жөніндегі жобалар Астрахань (Каспий құбыр консорциумының мұнай құбыры), Самара (Өзен – Атырау – Самара мұнай құбыры) және Омбы облысы (Омбы – Павлодар – Шымкент – Чарджоу) арқылы ресейлік құбыр жүйесі мен көлік инфрақұрылымын пайдалана отырып, қазақстандық шикізатты сыртқы нарықтарға экспорттаудан тұрады. Мұнай саласындағы ынтымақтастық көбінесе энергетикалық қауіпсіздік пен бәсекелестіктің элементі болып табылады. Кейбір жағдайларда Тараптар ең алдымен ұлттық мүдделерден шығады. Мәселен, 2010 жылдары қазақстандық МӨЗ-дерді жаңғырту ішкі нарық үшін ашық түсті мұнай өнімдерін өндірудің өсуіне және кейіннен Ресейден бұрын келген жанар-жағармай материалдарын әкелуге тыйым салуға әкелді [8].

Қазақстан-Ресей шекарасындағы бұрыннан бар тағы бір мәселе – Қазақстанда Ресейге қарағанда әрдайым төмен болған бензин мен дизель отыны бағаларының айырмашылығы шиеленісе түсті [9]. Бұл жағдай 2021 жылдан бастап Ресейдің шекаралас аймақтарының тұрғындары мен қазақстандықтар үшін Қазақстаннан ЖЖМ-нің жекелеген түрлерін әкетуге ішінара тыйым салуға алып келді. Шығаруға рұқсат етілген отын көлемі автомобиль бағымен шектеле бастады [10].

Траншекаралық экономикалық ынтымақтастықта металлургия кәсіпорындарының байланысы маңызды рөл атқарады. Бірқатар шекаралас

өңірлердің – Челябинск, Ақтөбе, Қостанай және Орынбор облыстарының осыған ұқсас өндірістік мамандануы металлургия кешені зауыттары арасында тығыз экономикалық қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік берді. Кеңес заманынан бері шикізатты: Қостанай және Ақтөбе облыстарынан темір кенін Ресейдің шекаралас өңірлеріндегі – Челябинск қайта өңдеу кәсіпорындарына жеткізу осы саладағы кооперацияның классикалық мысалы болып саналады. Ресейдегі шикізат базасының дамуы посткеңестік кезеңде қазақстандық қайта өңдеу қуаттарына қарсы жеткізілімдерді реттеуге мүмкіндіктер берді. Мәселен, 2019 ж. Челябинск электрометаллургиялық комбинаты хром рудасының бірінші партиясын Ақтөбе ферроқорытпа зауытына жіберді [11]. Металлургиядағы ынтымақтастықтың соңғы мысалдарының бірі – Ақтөбе және Орынбор облыстарының шекарасындағы Весенне-Аралчинск кен орнын бірлесіп игеру (келісім 2014 ж.). «Весенная» учаскесінде өндірілетін кен Орскіде, ал Аралшық кені – Хромтаудағы Ақтөбе мыс компаниясының кәсіпорындарында байытыла бастады.

Алюминий өнеркәсібіндегі ынтымақтастық бір уақытта экономикалық байланыстардың конвергенциясы мен дивергенциясының белгілерін көрсетеді. Бір жағынан, Павлодар облысында электролиз зауытының құрылысы (2007 ж. бастап жұмыс істейді) Қазақстанда бастапқы алюминий өндірісін жолға қоюға мүмкіндік берді, бұл ретте Ресейге глинозем экспорты тоқтатылды [12]. Екінші жағынан, алюминий кластері негізінде пайда болған «Павлодар» еркін экономикалық аймағы (ЕЭА) шетелдік, соның ішінде ресейлік инвестицияларды тартуға мүмкіндіктер туғызды. Осылайша, өндірістік кооперация шеңберінде ресейлік компания ЕЭА аумағында құйылған автомобиль дискілерін дайындауды жолға қойды.

Шекара маңындағы трансшекаралық экономикалық байланыстарда машина жасау кәсіпорындары ерекше маңызға ие, алайда мұндай байланыстардың көлемі әлі де жоғары емес. Экономикалық байланыстар жүйесін әртараптандыру, шикізаттан қосылған құны жоғары өнімге қайта бағдарлау – мемлекеттік шекараның екі жағындағы өңірлік биліктің өзекті міндеттері болып табылады. Шекараның қазақстандық бөлігінде машина жасау өнеркәсібінің дамуының әлсіз деңгейінің себептері шетелдік өндірушілермен жоғары бәсекелестікке және нарықтық экономикаға көшу кезінде кепілдік берілген сұраныстың жоғалуына байланысты посткеңестік жылдары кәсіпорындардың (Павлодар трактор және басқа да зауыттарының) жабылуы болып табылады. Мұның бәрі білікті кадрлардың кетуіне әкелді, бұл қазіргі уақытта жаңа кәсіпорындар құруды қиындатып отыр.

Дегенмен, машина жасау саласындағы ынтымақтастық – Қазақстан мен Ресейдің трансшекаралық экономикалық байланыстарының жаңа векторына айналды. Жаңа өндірістік кооперацияны дамыту мысалдарының бірі Қазақстан аумағында құрастыру өндірістерін салу болып табылады. Мәселен, Өскеменде «Азия Авто» зауытында түрлі маркалы автомобильдерді, оның ішінде Lada-ны дайын машина жиынтығынан құрастыру жүзеге асырылады [13]. Қостанай және Көкшетау қалалары көліктік және ауыл шаруашылық машина жасау өнімдерін шығарудың негізгі орталықтарына айналды.

Көкшетауда «КАМАЗ-Инжиниринг» және астық жинайтын комбайндар (Kazrost Engineering) кәсіпорнында жүк көліктері мен арнайы техниканы құрастыру жолға қойылған [13].

Қостанайда Қостанай трактор зауытының базасында ресейлік Машина жиынтықтарынан «Кировец» тракторларын дайындау басталды, ал 2024 ж. бастап өндірісті оқшаулауды ұлғайту мақсатында КамАЗ жүк машиналарының бөлшектері үшін шойын құю зауытын іске қосу жоспарлануда [14]. Осылайша, машина жасау саласындағы Қазақстан-Ресей ынтымақтастығы негізінен ірі холдингтердің өзара іс-қимылына негізделеді, олар үшін көрші мемлекеттердің, оның ішінде ЕАЭО бойынша серіктестердің нарықтарын игеру маңызды мәнге ие. Өнеркәсіптің әртүрлі салаларында өндірістік байланыстарды ұлғайтудың мемлекетаралық деңгейде қалыптасқан үрдісі мемлекеттік шекарадан алыс, қуатты өнеркәсіптік-өндірістік әлеуеті бар өңірлерді – Татарстан Республикасын, Ростов және Ленинград облыстарын, Санкт-Петербургті және т. б. ынтымақтастыққа тартуға алып келді, өнеркәсіптік кооперацияның дамуына ЕАЭО құру елеулі серпін берді, шаруашылық жүргізуші субъектілер мен инвесторлар үшін кедергісіз орта қалыптастырылды. Сонымен қатар, 2020 ж. Еуразиялық экономикалық комиссияның – ЕАЭО реттеуші органының күш-жігерімен 2019 ж. енгізілген Қазақстаннан шет елдерге металл сынықтарын экспорттауға тыйым салу мәселесі сәтті шешілді [15]. 2019 ж. Қазақстан – Ресей өндірістік кооперациясы саласындағы бірлескен іс-қимыл Бағдарламасына қол қою тараптар арасында жаңа өндірістік байланыстардың құрылуына алып келді.

Екі елдің трансшекаралық экономикалық байланыстарында шағын бизнес әлсіз деңгейде қалып отыр. Бұл, бір жағынан, ынтымақтастықтың осы саласы экономикаларды нарықтық қағидаттарға қайта құру және экономикалық интеграцияны тереңдету – Кеден және Еуразиялық экономикалық одақты іске қосу шамасына қарай тек посткеңестік жылдары ғана дамығандығына байланысты. Кәсіпкерліктің шағын нысандарының таралуының маңызды факторлары – бәсекеге қабілеттілік және нарықта бос бағыттардың болуы. Соңғы уақытта шағын бизнес кәсіпорындарының өзара іс-қимылы саласындағы жағдай жақсарды. Мысалы, Ресейдің ірі шекара маңындағы қалаларында шектес өңірлерден қазақстандық өнімдері бар дүкендер пайда болды: Омбы мен Тюменьге көршілес Солтүстік Қазақстан облысынан («КазМаркет» ЖШҚ) өнімдер жеткізілуде.

Сонымен бірге, шағын бизнестің ынтымақтастығы шекараның өзімен (өткізу пункттеріндегі үлкен кезектер) және жергілікті нарықтардың сыртқы өнімдерге жабық болуымен байланысты көптеген қиындықтарға тап болады. Шекараның екі жағындағы шағын кәсіпкерлікті қолдаудың аймақтық бағдарламаларында көршілік әлі ескерілмеген. Екі елдің трансшекаралық экономикалық байланыстарында шағын бизнестің нашар көрсетілуі кейбір салалардағы (күзет, заң қызметтері, жеткізу сервистері және т.б.) жоғары бәсекелестікпен түсіндіріледі.

Жаңа коронавирустық инфекцияның (COVID-19) пандемиясы бүкіл экономикалық және әлеуметтік қатынастар жүйесі үшін нағыз сын-тегеурінге

айналды. Халықтың трансшекаралық ұтқырлығы айтарлықтай төмендеді. Пандемияның алғашқы кезеңінде туыстарға бару, тұтыну тауарларын сатып алу мақсатында шекарадан өту толығымен тоқтатылды. Бұл шекара маңындағы шағын бизнеске әсер етті: жолаушылар көлігі, шағын көтерме және бөлшек сауда, туристік, қонақ үй және мейрамхана бизнесінде жұмыс істейтін кәсіпорындар шығынға ұшырады. Пандемия кезінде білім миграциясы – стихиялық трансшекаралық байланыстардың маңызды бөлігі және шекара маңындағы ынтымақтастықтың маңызды институты айтарлықтай зардап шекті. 2020/21 оқу жылының басында Ресейде оқитын Қазақстан студенттердің оқу орындарына келу мүмкіндіктері болмады, ал студенттер үшін шекара тек 2021 ж. басында ашылды, 2021/2022 оқу жылында студенттердің келіп-кетуіне шектеулер қойылған жоқ.

### **Талқылау**

Тарихи қалыптасқан тығыз байланыстарды сақтау мен дамытудың барлық күрделілігіне қарамастан, көршілік факторын Қазақстан-Ресей трансшекаралық өзара іс-қимылын шекара маңындағы аумақтар мен тұтастай елдердің игілігі үшін пайдаланудың мысалы ретінде қарастыруға болады. Еуразиялық интеграция Қазақстан мен Ресей арасындағы байланыстарды нығайтуда үлкен рөл атқарды. Өндірістік байланыстар, бірыңғай мәдени-тілдік кеңістік, ортақ көлік жүйелері КСРО ыдырағаннан кейінгі алғашқы жылдардағы дағдарысқа қарамастан экономикалық интеграцияның берік іргетасын қалады. Тараптар ЕАЭО шеңберінде және мемлекетаралық және өңірлік деңгейлерде ынтымақтастықтың институционалдық және нормативтік-құқықтық базасын құрды. Негізгі күш экономикалық ынтымақтастықты оның негізгі бағыты ретінде мемлекеттік қолдауға бағытталған.

Қолайлы бастапқы жағдайлар шекараның екі жағындағы кейбір сарапшылардың негізсіз оптимизмін тудырды: интеграциялық ұмтылыстар мен жалпы өткен кезең өзара іс-қимылдың барлық салаларында жетістікке кепілдік бермейді. Институционалдық саланы талдау саяси және экономикалық интеграция екі елдің шекара маңындағы өңірлері арасындағы жақындасуды («шағын» ықпалдастық) толық көлемде қамтамасыз етпейтінін көрсетеді. ЕАЭО жетістіктеріне қарамастан, шекаралар маңызды кедергі болып қалуда, ал ынтымақтастық институттары әзірше шекара маңындағы өмірге әсері әлі де мардымсыз. Шекаралық ынтымақтастық бағдарламалары әрбір тараптың ұсыныстар жиынтығынан тұрады және көп жағдайда декларативтік сипатқа ие. Олардың тиімділігіне қаржыландыру мен үйлестірудің бірыңғай көздерінің болмауы әсер етеді. Ұнтымақтастық субъектілерінің бастамаларын қолдауға негізделген бағдарламалық-жобалық тәсіл қолданылмайды.

Институттар жетіспеген жағдайда шекаралық ынтымақтастықтың қатысушылары кеңестік мұраның сақталып қалған элементтеріне сүйенуге мәжбүр. Осының салдарынан шекара маңындағы экономикалық өзара іс-қимылдың қазіргі заманғы жүйесі осы күнге дейін негізінен өндіруші бейіндегі

жекелеген кәсіпорындардың байланыстарын айқындайды. Шекаралас аймақтағы посткеңестік экономикалық ынтымақтастық экономикалық дамудың кеңестік моделінің дәстүрін жалғастыруда: ол шикізатты өндіруге және өңдеуге бағытталған. Қазақстан мен Ресейдің шекарасындағы өндірістік кооперацияның жаңа элементтері машина жасау және өңдеу өнеркәсібі саласында анағұрлым айқын, оларда ынтымақтастық өңіраралық сипатқа ие болады. Шағын бизнес әзірше трансшекаралық өзара іс-қимылға жеткілікті тартылмаған. COVID-19 пандемиясының нәтижесінде ең көп зардап шеккен сала дәстүрлі түрде екі елдің шекара маңы және өңіраралық ынтымақтастық бағдарламаларының негізін құрайтын бұқаралық мәдени және спорттық іс-шаралар болды.

Еуропалық Одақтың тәжірибесі ішкі шекара маңы интеграциялық бірлестіктің ерекше назарын талап ететінін нақты дәлелдеді. Жалпыеуропалық бірігу саясатына (cohesion) жұмыс істейтін шекара маңы ынтымақтастығының көптеген бағдарламалары мен институттарында әлеуметтік-мәдени өлшемге – мәдени алмасуларды ынталандыруға, адамдар арасындағы коммуникацияларды көтермелеуге, трансшекаралық туризмді дамытуға ерекше орын беріледі. Жалпы мұндай шаралар ЕАЭО-ның ішкі шекарасындағы және қазақстандық учаскедегі қарама-қайшылықтар мен ықтимал қақтығыстардың болмауына үлкен септігін тигізетіні анық, ал сақталып отырған ортақтық пен посткеңестік кезеңде туындаған айырмашылықтар бірігуге ықпал ететін маңызды құндылықтар ретінде қалыптасатын еді.

### **Қорытынды**

Мақалада жасалынған зерттеу мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан саяси және экономикалық интеграция екі елдің шекаралас аймақтарының жақындасуын толық қамтамасыз ете алмайтынын көрсетеді. ЕАЭО жетістіктеріне қарамастан, шекаралық кедергілер қала береді, ал ынтымақтастық институттары осы уақытқа дейін шекара маңындағы өмірге аз әсер етті.

Трансшекаралық ынтымақтастыққа қатысушылар кеңестік мұраның сақталып қалған элементтеріне сүйенуге мәжбүр. Шекара аймағындағы посткеңестік экономикалық ынтымақтастық кеңестік экономикалық даму үлгісінің дәстүрлерін жалғастыруда: ол шикізатты өндіру мен өңдеуге бағытталған. Шағын бизнес шекаралық ынтымақтастыққа әлі жеткілікті түрде тартылмаған.

Ынтымақтастықтың әлеуметтік-мәдени өлшеміне, соның ішінде мәдени байланыстарды мен адамдардың өзара қатынасуын ынталандыруға, трансшекаралық туризмді дамытуға көбірек көңіл бөлген жөн деп көрінеді. Бұл шаралар ЕАЭО-ның ішкі шекараларында, атап айтқанда шекараның қазақстандық және ресейлік учаскелерінде ықтимал қайшылықтардың болмауына, содан соң экономикалық және саяси ынтымақтасудың тереңдеуіне үлкен септігін тигізеді деп күтілуде.



Мақала Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің BR10965282 «Қазақстан-Ресей шекарасы: тарихи жағдай және жаңа саяси шындық» мақсатты қаржыландыру бағдарламасы аясында дайындалған.

## ӘДЕБИЕТ

[1] Жундубаев М.К. Приграничное сотрудничество между Республикой Казахстан и Российской Федерацией на современном этапе: характер развития, проблемы и перспективы. – Москва, 2014.

[2] Карпенко М.С. Приграничное измерение евразийской интеграции России и Казахстана: вызовы для сотрудничества // Институт географии РАН. – 2019. – N 1. – С. 24-36.

[3] Реформы в Казахстане: успехи, задачи и перспективы // OECD: обзор проектов. – 2017. <https://www.oecd.org/eurasia/countries/Eurasia-Reforming-Kazakhstan-Progress-Challenges-Opport.pdf>.

[4] «КазРосГаз»: инвестируя в будущее. Petroleum Kazakhstan. <https://www.petroleumjournal.kz/index.php?p=article&aid1=24&aid2=108&id=240&outlang=1>.

[5] Об утверждении Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Российской Федерации о совместной деятельности по геологическому изучению и разведке трансграничного газоконденсатного месторождения Имашевское: Постановление Правительства Республики Казахстан от 13 декабря 2010 года № 1346. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1000001346>.

[6] Кобырова К. Газификация Восточного Казахстана: быть ли российскому газу? // Atameken Business. – 2021. – 20.01.

[7] Р.Жанбулатова және басқалар. Қазақстандық-ресейлік қарым-қатынастың энергетикалық векторының әлемдік энергетика нарығындағы жаһандық өзгерулері жағдайында // Central Asia and Caucasus. – 2020. – № 2. 137–147 б.

[8] Жаукин Е. Модернизация НПЗ РК. Ожидания, итоги и реальность // Atameken Business. – 2021.- 08.09.

[9] Степанов А.В., Бурнасов А.С., Ковалев Ю.Ю., Байсалбекова М.Э., Нюсупова Г.Н. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы мұнай тасымалдау саласындағы ынтымақтастықтар («Атырау-Самара» мұнай құбыры мысалында) // Шығыс аналитикасы. – 2019. – № 1. – 42-47 б.

[10] Алиева Г., Лаумулин М. Қазақстан мен Ресейдің трансшекаралық экологиялық ынтымақтастығы: мәселелер және перспективалар // Central Asia and Caucasus. – 2021. – № 4. – 155-167 б.

[11] Челябинский электрометаллургический комбинат вышел на рынок хромовых руд. // Коммерсантъ. – 2019. - 07.10.

[12] Попова М. В Павлодарском регионе создается алюминиевый кластер // Капитал. Центр деловой информации. – 2018. - 23.11.2018.

[13] Ишекенова Б. Какие авто собирают в Казахстане // LS. – 2017. - 11.12.

[14] Костанайский тракторный завод выпустил первую партию «Кировцев» // Inform Buro. – 2019. - 24.10.

[15] В РК введут запрет на вывоз лома и отходов черных и цветных металлов // Капитал. Центр деловой информации. – 2022. - 26.04.

## REFERENCES

- [1] Zhundubaev M.K. Prigranichnoe sotrudnichestvo mezhdou Respublikoj Kazahstan i Rossijskoj Federacii na sovremennom jetape: harakter razvitija, problemy i perspektivy [Cross-border cooperation between the Republic of Kazakhstan and the Russian Federation at the present stage: the nature of development, problems and prospects], Moskva, 2014.
- [2] Karpenko M.S. Prigranichnoe izmerenie evrazijskoj integracii Rossii i Kazahstana: vyzovy dlja sotrudnichestva [Cross-Border Dimension of Eurasian Integration of Russia and Kazakhstan: Challenges for Cooperation], Institut geografii RAN, 2019. No 1. pp. 24-36.
- [3] Reformy v Kazahstane: uspehi, zadachi i perspektivy [Reforms in Kazakhstan: Achievements, Challenges and Prospects], OECD: obzor proektov. 2017. <https://www.oecd.org/eurasia/countries/Eurasia-Reforming-Kazakhstan-Progress-Challenges-Opport.pdf>.
- [4] «KazRosGaz»: investiruja v budushhee [KazRosGas: investing in the future], Petroleum Kazakhstan, <https://www.petroleumjournal.kz/index.php?p=article&aid1=24&aid2=108&id=240&outlang=1>.
- [5] Ob utverzhdenii Soglashenija mezhdou Pravitel'stvom Respubliki Kazahstan i Pravitel'stvom Rossijskoj Federacii o sovместnoj dejatel'nosti po geologicheskomu izucheniju i razvedke transgranichnogo gazokondensatnogo mestorozhdenija Imashevskoe, Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstan ot 13 dekabrja 2010 goda № 1346 [On approval of the Agreement between the Government of the Republic of Kazakhstan and the Government of the Russian Federation on joint activities for geological study and exploration of the Imashevskoye transboundary gas condensate field. Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 13, 2010 No. 1346], <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1000001346>.
- [6] Konyrova K. Gazifikacija Vostochnogo Kazahstana: byt' li rossijskomu gazu? [Gasification of East Kazakhstan: will there be Russian gas?], Atameken Business, 20.01.2021.
- [7] R.Janbulatova jäne basqalar. Qazaqstandyq-reseilik qarym-qatynastyñ energetikalыq vektorynyñ älemdik energetika naryғыndaғы jahandyq özgeruleri jaғдайыnda [The energy vector of Kazakh-Russian relations in the context of global changes in the energy market], Central Asia and Caucasus, 2020, No 2, p. 137–147.
- [8] Zhaukin E. Modernizacija NPZ RK. Ozhidaniya, itogi i real'nost' (Modernization of the oil refinery plants. Expectations, results and reality), Atameken Business, 08.09.2021.
- [9] Stepanov A.V., Burnasov A.S., Kovalev Ju.Ju., Bajsalbekova M.Je., Njusupova G.N. Qazaqstan Respublikasy men Resei Federaciyasy arasyndaғы münai tasymaldau salasyndaғы yntymaqtastyqtar [«Atyrau-Samara» münai qubyry mysalynda] (Oil transportation between the Republic of Kazakhstan and the Russian Federation cooperation in the field (in the example of the oil pipeline "Atyrau-Samara"), Şығыs analitikasy (RĜM Şİ), 2019, No 1, p. 42-47.
- [10] Alieva G., Laumulin M. Qazaqstan men Reseiñ transşekaralyq ekologialыq yntymaqtastyғы: мәseleler jäne perspektivalar [Cross-border environmental cooperation of Kazakhstan and Russia: problems and prospects], Central Asia and Caucasus, 2021, No 4, p. 155-167;
- [11] Cheljabinskij jelektrometallurgicheskij kombinat vyshel na ryнок hromovyh rud [Chelyabinsk Electrometallurgical Plant entered the market of chrome ores], Kommersant, 07.10.2019.
- [12] Popova M. V Pavlodarskom regione sozdaetsya aljuminievyj klaster [An aluminum cluster is being created in the Pavlodar region], Kapital. Centr delovoj informacii, 23.11.2018.
- [13] Ishekenova B. Kakie avto sobirajut v Kazahstane [What cars are assembled in Kazakhstan], LS, 11.12.2017.
- [14] Kostanajskij traktornyj zavod vypustil pervuju partiju «Kirovcev» [Kostanay Tractor Plant produced the first batch of "Kirovtsev"], Inform Buro, 24.10.2019.

[15] V RK vvedut zapret na vyvoz loma i othodov chernyh i cvetnyh metallov [Kazakhstan will impose a ban on the export of scrap and waste of ferrous and non-ferrous metals], Kapital. Centr delovoj informacii, 26.04.2022.

## ПРИГРАНИЧНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО КАЗАХСТАНА И РОССИИ В СФЕРЕ ЭКОНОМИКИ

Абдрахманов К.А.<sup>1</sup>, \*Мукашева А.Д.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Директор Международного научного комплекса «Астана», Астана, Казахстан, e-mail: abdrakhmanov@isca.kz

\*<sup>2</sup> Сотрудник Международного научного комплекса «Астана», Астана, Казахстан, e-mail: mukasheva.ad@gmail.com

**Аннотация.** В статье рассматривается экономическая сторона межрегионального приграничного сотрудничества между Казахстаном и Россией. Распад СССР и трансформационные процессы 1990-х годов привели к разрыву производственных отношений между странами, что спровоцировало уход квалифицированных кадров с производства и, как следствие, сокращение производственных структур экономики приграничных районов двух государств. Несмотря на распад единого хозяйственного механизма, производственные отношения остаются одной из основных составляющих трансграничного взаимодействия казахстанско-российской границы.

В статье анализируются статистические данные экономического сотрудничества Казахстана и России, используются официальные документы и материалы выступлений, а также публикаций в печатных и электронных СМИ. Рассмотрены текущие положения развития сотрудничества в нескольких отраслях. По итогам анализа определено, что постсоветское экономическое сотрудничество в приграничье продолжает традиции советской модели экономического развития. Основной причиной этого является отсутствие институциональной базы сотрудничества. Несмотря на достижения ЕАЭС, пограничные барьеры остаются, а институты сотрудничества пока мало влияют на жизнь вблизи границ.

**Ключевые слова:** Казахстан, Россия, постсоветское экономическое сотрудничество, приграничное сотрудничество, межрегиональные связи, производственные отношения, модели экономического развития, ЕАЭС

## THE ECONOMIC BORDER COOPERATION BETWEEN KAZAKHSTAN AND RUSSIA

Abdrakhmanov K.A.<sup>1</sup>, \*Mukasheva A.D.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Director of International Science Complex “Astana”, Astana, Kazakhstan, e-mail: abdrakhmanov@isca.kz

\*<sup>2</sup> Manager of International Science Complex “Astana”, Astana, Kazakhstan, e-mail: mukasheva.ad@gmail.com

**Annotation.** The article considers the cross-border economic cooperation between Kazakhstan and Russia. The collapse of the USSR and the transformation processes of the 1990s led to a break in the existing infrastructure between the countries. It provoked the departure of qualified personnel from manufacturing and a decrease in production in the bordering regions of the two states. Nevertheless, industrial relations remain one of the main components of the cross-border interaction between Kazakhstan and Russia at the present.

The article analyzes the statistical data of economic cooperation between Kazakhstan and Russia, and uses official documents and materials, as well as media publications. The current state

of cooperation in several sectors is considered. The analysis shows, that the post-Soviet economic cooperation in the border area continues the traditions of the Soviet model of economic development. The main reason is the lack of an institutional framework for cooperation. From this point of view, the authors claim that despite the achievements of the EAEU, border barriers remain, and so far the cooperation institutions have had little impact on cross-border cooperation development.

**Keywords:** Kazakhstan, Russia, post-Soviet economic cooperation, cross-border cooperation, interregional relations, infrastructural connections, economic development, EAEU

*Статья поступила 01.02.2023*